



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№39 (576)
26 қыркүйек,
2024 жыл

ENACTUS ZHETYSU ӘЛЕМДІ БАҒЫНДЫРУҒА ДАЙЫН



Қазан айының алғашқы аптасы еліміз үшін тарихи сәтке айналмақ. Себебі әлемнің 33 мемлекетінен келетін үздік студенттер, жас кәсіпкерлер мен бизнес көшбасшылар Қазақстанда бас қосып, студенттік кәсіпкерліктің ауқымды іс-шарасы Enactus World Cup-та бақ сынайды. Ең қызығы, бұл байқау біздің елде алғаш рет ұйымдастырылады.

Enactus әлемдік кубогы – тек байқау емес, ол жаһандық қозғалыс. 2001 жылдан бері үздіксіз өтетін бұл іс-шара әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жаңашыл жобаларды ортаға салып, болашақ көшбасшылар буынын тәрбиелейді. Олар ел болашағына ықпал ететін бастамаларын әлемдік аренада қорғау мүмкіндігіне ие болады.

Осы ретте ел есімін асқақтатып, қазақ елінің намысын қорғау Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Enactus командасына бұйырды. Өйткені олар биыл көктемде өткен Enactus Kazakhstan National Expo 2024 ұлттық чемпионатында жеңімпаз атанды.

4-бетте



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ:

ҚҰЛҚЫН МЕН ҚҰРДЫМ

Бүгінде оңай олжа іздеп, түрлі әдісті қолдана отыра ақша тапқысы келетін адам көп. Бұл – заңдылық. Алайда арам жолдың арбауына түсіп, адал еңбектің наны тәтті болатынын ұмыт қалдырған жанның саны да аз емес. Мақаламызда қаржы пирамидасы, одан сақтану және алдын алу жолдары туралы сөз етуді ұйғардық.



Қаржы пирамидасын кім құрады?

Қаржы пирамидасы – бұл заңсыз тұрғыда азаматтардан ақша өндіріп алудың бір түрі. Олар көбіне инвестиция немесе бизнестің кез келген түрімен айналысатын тұлғалар образында болуы мүмкін. Мұндай алаяқтардың жұмыс принципі жаңа қатысушыларды тартуға және олардың жарналары арқылы ақша табуды көздейді. Алайда мұны желілік маркетингпен шатастыруға болмайды. Яғни қаржы пирамидасының нақты табыс көзі инвестиция құюшының ақшасына көзделеді.

Қаржы пирамидаларының түрлері: көпдеңгейлі пирамидалар, желілік маркетинг қағидаты бойынша құрылған пирамидалар, мессенджерлерде шақыру жіберу схемасын қолданатын пирамидалар, эксклюзивті клубқа қатысу.

Қой терісін жамылған қасқырлар

Ғасырлық тарихы бар алаяқтықтың бұл түрі елімізде, сондай-ақ әлемдік деңгейде белең алған мәселе. Ең алғашқы үлгісі 1919 жылы пайда болса, Қазақстанда бұл қылмыс 1994 жылы анықталды. Арада 30 жыл өтіп, халық сауаттанды десек те, алаяқтар саны әлі де аз емес. Мәселен, «Qnet», «Finiko», «Mudarabah Capital» секілді қаржы пирамидасын құрғандардың алдау әдісі талайды сан соқтырып, былыққа батырды.

2-бетте

АЛАТАУ ТӨРІНДЕГІ ДУМАН

Сыр өңірінің тарихын баяндайтын 6 бөлімді көрмеге ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген Қорқыт мұрасы, XIX-XX ғасырларда Сыр бойы қазақтары пайдаланған құнды этнографиялық бұйымдар, музей қорындағы теңдесі жоқ зергерлік бұйымдар коллекциясы қойылды. Сонымен қатар тарихи тұлғалардың, би-батырлардың қару-жарақ, мөр, кітап, қолжазба секілді жәдігерлері көпшілік назарына ұсынылды.

Сондай-ақ, көрмеге келушілер оғыздардың астанасы болған Жанкент қалашығынан табылған қыш дастарханды, саптыаяқтар коллекциясын, қыш қазандықты, керамикалық ыдыстарды, орта-ғасырлық Қышқаладан табылған глазурилі қаптамаларды қызықтады. Осылайша Сыр бойындағы ежелгі өркениет іздерін, тәуелсіздік жылдарында Шірік Рабат, Сығанақ, Түгіскен, Жетіасар, Жанкент, Қышқала, Асанас қалашықтарына жүргізілген кешенді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі туралы көпшіліктің танып-білуіне мүмкіндік жасалды.

8-бетте

«CREATIVE ORDA»: КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯҒА ЖАҢА ҚАДАМ

Байқаған боларсыз, қазір қазақы нақыштағы киімдер сәнге айналды. Ұлттық мейрамханалар трендте. Тіпті текемет пен оюы бар киізге де сұраныс артқан. Қазақы рухымыздың қайта жаңғыруы ма, әлде тұрмыс сапасының жақсаруы десек пе екен, бүгінде ерекше дизайнға тарихи дүниелерге деген көзқарас бөлек.



Қазір елдің көкейіндегісін тап басып, сапалы әрі стильді бұйым жасайтын кәсіпкерлерге деген қолдау да жоғары. Жалпы әлем бойынша адамның сан қырлы идеясынан бастау алған шығармашылық туындыларға, яғни креативті мамандарға деген сұраныс ерекше екені рас.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында өңірімізде креативті индустрия бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Осы мақсатта «Анаға тағзым» орталығында ақпан айынан бастап «Креативті индустрия» бөлімі ашылды. Ал қыркүйек айында озық ойлы, жаңашыл кәсіпкерлердің басын қосқан «Creative Orda» бизнес клубы өз жұмысын бастады.

5-бетте

Қайнаған тіршілігі һәм жаңалығымен ерекшеленетін Жалағаш ауданында өнеркәсіп пен кәсіпкерлік қарқыны бір сәтке де тоқтамай, аудан тұрғындары жаңа жобаларға батыл қадам жасап келеді. Жаңадан бой көтерген нысандар ауданның болашағына тың серпін беріп қана қоймай, даму деңгейін дәлелдеп тұрғандай. Өткен жұмада бір топ БАҚ өкілдері баспасөз туры аясында аудан орталығына табан тіреп, елдің тыныс-тіршілігімен таныстық.



ТЫҢ ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШҚАН ЖАЛАҒАШ

Көзбен көргенді шегедей бекіту үшін сандарды сөйлетсек, ауданда 3011 шағын және орта кәсіпкерлік субъект тіркелген. Бүгінде оның 2878-і жұмыс жасайды. Баспасөз-туры барысында Жалағаш ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Жасұлан Дүйсекевтің айтуынша, жыл басынан бері 3 миллиард 42 миллион теңгені құрайтын 94 жоба, ал Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы арқылы 122 миллион теңгеге 4 жоба қаржыландырылған. Нәтиже мұнымен тоқтамайды. Өйткені

биыл «Ботакан» сауда орталығы ашылып, Ғазиз Исахановтың жеке балабақшасы халық игілігіне берілді. Ал таяуда жартылай дайын өнім және ет өндірісіне бағытталған цех іске қосылды. Бұдан бөлек, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында аудан тұрғындарынан 27 жоба ұсынылып, өткен аптада көлемі 56,2 миллион теңгені құрайтын 10 жоба қолдауға ие болды. Мамандардың сөзінше, бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер легін сыйлады.

2

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ:

ҚҰЛҚЫН МЕН ҚҰРДЫМ



Тарқата айтқанда, «Finiko оқиғасы» – криптовалюта саласына негізделген пирамида. 2021 жылы Қазақстанда «Finiko» қаржылық пирамидасы жабылған кезде оның әсерінен 40 мыңнан астам азамат зардап шеккені анықталды. «Finiko» ұйымдастырушылары адамдардан айласын асырып, олардан 100 миллион доллардан астам ақша жымқырғаны белгілі болды.

– Танысым «Finiko» арқылы жылдам пайда табуға болатынын айтты. Алғашында сенбедім, бірақ оның бірнеше айда қомақты ақша тапқанын көргенде, ойым өзгерді. Банктен несие алып, «Finiko»-ға ақша салдым. Әуелі жақсы пайда түсті, бірақ кейінірек ешқандай төлем болмады, сайт жабылып қалды. Сол кезде бәрі алаяқтық екенін түсіндім. Енді несиемді төлей алмай жүрмін. Бізге мұндай схемалардың барлығы жалған екенін ескерткен жоқ. Енді отбасымның болашағы үшін алаңдаймын, – дейді Алматы қаласының тұрғыны 38 жастағы Нұржан.

Ал «QNET» пирамидасы бір кездері Қазақстандағы танымал спортшыларды өз өнімдерін насихаттауға тартқан.

– Бір танысым «QNet-ке» кірсең, аз уақыттың ішінде үлкен пайда көресің деді. Ол өзі де көп ақша тапқанын айтып, бірлесе пайда табуға көндірді. Мен бірнеше несие алып, «QNet-ке» қаржы күйдім. Алайда ешқандай пайда көрмей, тек шығынға баттым. Жаңа қатысушыларды тартпағандықтан, жүйе жабылып қалды. Достарым мен туыстарымды осы жалған схеманың құрбаны еткенім үшін өзімді кінәлі сезінемін. Оларға да, өзіме де қиындық әкелдім, – дейді Шымкент қаласының тұрғыны 29 жастағы Ермек.

Өткен жылы «Chia Tai Tianqing» қаржы пирамидасын құрған Қытай азаматы елден қашып кетті. Екі жылдан бері компанияның заңсыз қызметімен 3 қазақстандық айналысқан екен. Бармақ тістеп қалған жәбірленушілерге жалпы құны 7 млрд теңге көлемінде шығын келген. Арызданушылардың саны 200-ді құрап, олардың бәрі алаяқтардың үстінен шағым түсірген.

Қаржы пирамидаларын анықтаудың бірнеше белгісі бар. Атап айтқанда, аймақтағы «кепілдендірілген жоғары» табыс, «жеңіл әрі жылдам ақша», «Досыңды шақырып бонус алу» жүйесі, реферальдық сілтемелер, тартылған клиенттерден табыс табу, домендік атау мен сайт мекен-жайларының өзгерту, бұзылған сілтемелер мен ескертулер, бұғатталған әлеуметтік парақшалар деп бөлінеді.

Бүгінде осы бағытта жүрген алаяқтар тың әрі жаңа технологияларды игеріп, IT бағытында да білімдерін жетілдірген. Адамдармен қарым-қатынас құрудың оңтайлы жолда-

рын таңдайтын жақсы психолог пен спикерге айналған десек те болады. Осы орайда ғаламтор мен әлеуметтік желі олардың жоспарын қиындықсыз жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасап отыр.

Психологтардың пікірінше, қаржы пирамидасына ұрынатын адамдардың көбі – қаржылық тоқырауда жүргендер және жылдам баюға ұмтылатындар. Мысалы, көп адамдар жұмыссыздықтан немесе табыстың төмендігінен «пирамидаға» кіруге мәжбүр болады. Оларды өзгелердің табысы үміттендіріп, өздері де солардың қатарына қосыламын деп ойлайды.

Пирамидалар көбінесе алғашқы кезеңде табысты көрсетіп, адамдарды қызықтырады, инвестиция құюға үгіттейді. Осы кезеңде кейбір пирамида қатысушысы аздаған пайда көріп, «мұнда шынымен ақша табуға болады» деп үміттенеді. Бұл құбылыс «қойылым әсері» деп аталады. Себебі ол адамдарға қаржылық жүйенің сәтті жұмыс істейтініне сендіріп, санаға үміт ұялатады.

Серг бергенге сенім жоқ

Қазіргі қаржы пирамидасын құрған қылмыскерлер жалған букмекерлік кеңсе атын жамылып жұмыс істеуі мүмкін. Біле білсек, ресми букмекерлік кеңсе лицензияланған, олар әр бәске заңды чек беріп, оны растау туралы купон ұсынады. Алайда алаяқ ұйымдарда мұндай заңды ақпарат беретін қауқар жоқ, сол себепті олар жалған чекті месенджерлер арқылы жіберіп, өз ойларың жүзеге асыруы мүмкін.

Сондай-ақ олар көбірек ақша табу үшін «серіктес бағдарламаларды» ұсынады. Яғни, спорттық жарыстардың нәтижесінен ғана емес, бас тіккен адамдардан да көп пайда табуға болады деп сендіруі мүмкін. Мәселен, сіз, белгілі бір соманы инвестициялауыңыз керек және қосымша дивидендтер алатын кем дегенде екі белсенді клиентті тартуыңыз керек. Нәтижесінде пирамида жаңа «инвесторлардың» ақшасы есебінен белсенді дамуың жалғастыра бермек. Ал сан соғып қалатын тек сіз...

2024 жылы күмәнді жобаларға инвестиция құю тыйылмай тұр. Оның схемасы мынадай: желі арқылы олар сізді жоғары кіріс көзі бар жобаға ақша құюды ұсынады. Басқа «пирамидалардан» айырмашылығы – өзіңізбен бірге адам шақырудың қажеті жоқ. Қарапайым алдау үлгісін көрсетеді, яғни жоғары табыс көзі екеніне сендіреді.

Қылмыс пен жаза

Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам демекші, а й -

лакерлер қулығын асыра алмай, темір торға қамалып та жатыр. Қазақстанда қылмыстың бұл түрімен ұсталғандар үшін қандай жаза қолданылады? Сауалымызға жауап алу үшін заңгер Сания Накыповамен байланысқан едік.

– Қазақстанда қаржы пирамидалары заңсыз болып саналады. «Қазақстан Республикасының Қаржы пирамидасына қарсы күрес туралы» заңнамасына сәйкес, қаржы пирамидаларын құру және оның қатысушысы болу қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Бұл заңдар азаматтарды алдау және қаржылық шығындарға әкелетін схемалардың алдын алуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 217-бабы бойынша, қаржы пирамидасын ұйымдастыру және басқару қылмыстық құқық бұзушылық санатына жатады. Бұл бап бойынша қаржы пирамидасын құрғандарға 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы, сондай-ақ мүліктері тәркіленуі мүмкін.

Қорыта келе, алаяқтардың құрбаны болмас үшін сақ болу қажет. Егер қаржы пирамидасына қатысты мәселелер туындаса, заңгерлер мен құқық қорғау органдарына жүгініп, мәселені заңды жолмен шешуге тырысу керек. Айтатын кеңесім, қаржылық тұрғыда сауатты арттыру бәрінен маңызды. Себебі табыс көзінің мұндай түріне қызығушылық білдіру қаржылық білімнің аздығынан туындауы мүмкін. Сақ болыңыз! – дейді заңгер Сания Мырзабекқызы.

Алдын-алу шаралары қандай?

2022 жылы жалпы саны 892 адам қаржы пирамидасының құрбаны болса, өткен жылы бұл көрсеткіш екі есе ұлғайып, 2079 адамды құрады.

11 қыркүйекте Қазақстанның Премьер Министрі Олжас Бектенов ҚР Үкіметі жанындағы Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізіп, жиында ғаламтордағы ала -

яқтыққа қарсы іс-шаралар мен қаржы пирамидаларының алдын алу мәселелерін ортақ талқыға салды.

Елімізде «Киберпол» жасағы арнайы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде құрылған. Бүгінде жасақ арқасында 2,5 мыңнан астам қылмыстық іс анықталып, 962 миллион теңге өндірілген. Бұл туралы Үкіметте өткен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндады. Министрдің баяндауына, барлығы 914 қылмыскер құрықталып, жалған нөмірлерден түскен 58 млн қоңырау бұғатталған.

Еліміздің 5 қаласында 19 SIM-бокс және 6 мыңнан астам тіркелмеген SIM-карталары анықталды. «Антифрод-орталық» жұмысы аясында шетелге шығару сатысында тұрған 400 млн теңге бұғатталды. Шараларды күшейту үшін несие беруден ерікті түрде бас тарту, сондай-ақ жәбірленушінің қатысуынсыз ресімделген несилерді есептен шығару бойынша бірқатар заңнамалық түзету пысықталуда, – делінген ведомство хабарламасында.

Сондай-ақ «Киберқадағалау» жүйесі 8 мыңнан астам алаяқтық сипаттағы сайттың жұмысын тоқтатты. Қаржылық пирамида белгілерін дербес тексеруге мүмкіндік беретін Telegram-бот іске қосылды. Қазірге дейін 9 мың өтініш қаралып үлгерген екен.

Егер қылмыстың құрбаны болсаңыз...

Әрине, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болсақ та, алаяқтардың арбауына түсіп қалуымыз әбден мүмкін. Мұндай жағдайда не істеу керек? Ең алдымен шағым жазып, алаяқтардан ақшаңызды қайтаруын талап етіңіз. Егер өтініш-тілегіңіз орындалмаса, құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Дәлел жинақтап, «Салынған ақшаны өндіріп алу, негізсіз байыту, басқа адамдардың ақшасын пайдаланғаны үшін пайыздар және моралдық зиянды өтеу туралы» азаматтық талап қойыңыз. Бұл әрекеттердің бәрін заңгер маманмен біріге атқарыңыз және қандай да болсын іс-әрекетті заңды тұрғыда шешуге тырысыңыз. Мүмкін болса өзіңіз секілді алаяқ-

тарға алданған жандарды тауып, ұжымдық сот ісін жасаңыз.


Қаржы пирамидалары – адамдардың сенімі мен үмітін пайдаланып, оларды жаппай қарызға батырып, рухын жаныштап, болашаққа деген сенімін құртады. Бұл схемалар жай заңсыз қаржылық құрылымдар емес, олар жеке адамдардың өміріне терең әсер ететін және қоғамға орасан зор зиян келтіретін қылмыс.

Жәбірленушілердің пікірі мен жоғарыда атап өткен оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты күрделі екенін көрсетіп отыр. Олар қиындықтармен бетпе-бет келіп, өздерінің алданып қалғанын түсінгеннен кейін ғана шындықтың ащы дәмін сезінеді. Алайда бұл сабақтар тек жеке адамдар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Әрбір қаржы пирамидасының күйреуі – бұл қаржылық сауаттың жетіспеуі, бақылаудың әлсіздігінің және адамның әлі де сенгіштігінің дәлелі.

Мақаламызды оқи отырып, әрбір адам қолда барды қанағат тұтып, өз қаржысын ақылмен басқаруды үйренуі керек екенін түсінуі тиіс. Әрбір жәбірленушінің хикаясы бізге бір нәрсені ескерттеді: оңай пайда табуға деген құмарлық үлкен шығынға ұрындыруы мүмкін. Сондықтан біз қаржылық шешімдерді қабылдағанда мұқият болып, барлық тәуекелді ескеріп, білімімізді үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет.

Қоғам ретінде біз қаржы пирамидаларының зардаптарына қарсы тұру үшін қаржылық сауаттылықты арттыруға тырысуымыз керек. Әрбір жоғалған теңге, әрбір құнсызданған арман – тек жеке трагедия емес, бұл – біздің ортақ жауапкершілігіміздің кемшілігі. «Аңқау елге арамза молда» болып, жұрттың сенімін жоғалтқан алаяқтардан сақтану – әр адамның парызы.

Нұршат НЫШАНОВА



WORLD CUP 2024

ENACTUS ZHETYSU

ӘЛЕМДІ БАҒЫНДЫРУҒА ДАЙЫН



Басы 1-бетте

Алға көз жүгіртсек, World Cup-тың басталуына санаулы күндер қалды. Ал біздің чемпиондардың дайындығы қалай өтіп жатыр? Сауалымызға жауап алу үшін Enactus Zhetysu-мен байланыс орнатып азы-көп әңгіме өрбіттік.

– Асқар, алғашқы сауалым сізге арналады. Команда жайлы айтып берсеңіз. Өзара байланысты жақсарту, жұмыс атмосферасын қалыптастыру үшін не істейсіздер?

Асқар Рахым: – Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Enactus командасы 2014 жылы құрылған. Ал қазіргі жана құрам 2022 жылы жасакталып, сол кезде небәрі 6 адаммен Алматыда өткен форумға қатыстық. Міне, сол сәтте кәсіпкерліктің шынайы мәнін түсіндік. Форумнан үлкен амбициямен оралдық.

Жетістіктерге тоқталсам, биыл көктемге дейін ашық іріктеу өткізіп, сәуір айында алғашқы чемпионатымызға қатыстық. «Olzha Agro» компаниясы ұйымдастырған грант конкурсының финалисі атандық, «Early Stage» лигасында бақ сынадық. Осы сайыстарда жинаған тәжірибемізді қолданып бір жыл бойы түрлі грант конкурстарында, жарыстарда жүлделі орынға ие болдық. Бұл биыл чемпион атануымызға себеп болды деп ойлаймын.

Қазір командада 21 адам бар. Капитаннан бастап, HR, PR және жоба бөлімдеріне дейін өз қызметтерін орындап, команданың дамуына серпін беруде. Бұл тек бастамасы екеніне сенеміз!

Команда ішіндегі бөлімдердің қарым-қатынасы біздің жұмысымыздың негізі деуге болады. Өр бөлімнің өз міндеттері бар. Мысалы, қаржы бөлімі бюджеттің дұрыс бөлінуін қамтамасыз етеді. HR бөлімі кадрлық сұрақтармен және команда ішіндегі атмосферамен жұмыс жасаса, ал PR бөлімі біздің жобаларымызды таныстыру мен жарнамалауды жүргізеді.

Сондай-ақ өзара қарым-қатынасты жақсарту үшін біз «brainstorming» сессияларын жиі өткіземіз. Осындай талқылау кезінде әрбір қатысушының пікірін ортаға салып, бірге шешім табуға тырысамыз. Бұл байланысымызды нығайтып қана қоймай, жұмыс барысын да жақсартады. Сонымен қатар мерекелік жиындар, ортақ іс-шаралар арқылы достық қарым-қатынас қалыптастырамыз.

– Команда құрамын жасақтау барысында қандай критерийлерге сүйенесіздер?

Нұрсауле Кенесбай: – Команда құрамын жасақтау барысында біз алдымен адамның лидерлік қасиетіне, шешім қабылдау қабілеті мен жауапкершілігіне мән береміз. Сонымен қатар стрестік жағдайларға төзімділік те маңызды. Командамен бірлесіп жұмыс істей алуы, идеяларын ашық айтуы, басқалармен тиімді байланыс орнатуы – ең басты талаптар. Өр қатысушының ролін анықтаған кезде олардың жеке қабілеттерін ескеріп, жобаның қажеттілігіне сай жұмыс бөлінеді.

– Айтыңызшы, жобаны іске асыру қалай жүреді?

Асқар Рахым: – Кез келген жоба немесе идеяны іске асырудың алғашқы қадамы, әрине, ойлану. Жоғарыда айтқандай жиі бас қосып, brainstorm өткіземіз. Бұл сессияларда әлеуметтік мәселелерді талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастырамыз. Жобаларымыздың негізі – аналитика мен статистикалық мәліметтерге сүйену. Осы ақпараттар бізге қоғам алдындағы өзекті проблемаларды анықтауға және соларға сәйкес шешім ұсынуға мүмкіндік береді. Осындай әдіс Enactus Zhetysu командасының әрбір жобасын идеядан іс жүзінде көшіруге ықпал етеді.

Ең қиын жобамыздың бірі – «Gallus». Бұл бастама тікелей тірі организмдерге, яғни құстарға қатысты. Сол үшін өте күрделі әрі жауапты жұмыс болды. Құстарды дұрыс күтіммен қамтамасыз ету, бұдандастыру және олардың денсаулығына әсер ететін жағдайларды бақылау уақыт пен күш-жігерді қажет ететін үлкен жұмыс. Бұл жобаның уақытына тоқтап қалуы тірі организмдерге қатты әсер етеді. Сондықтан біз үнемі қырағылық танытып, барлық процесті мұқият бақылауға тырысамыз.

– Enactus бағдарламасының тәжірибеге негізделген платформасын әлемдегі 1000-нан астам университет пайдаланады. Ал Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің тарапынан сіздерге қандай көмек қарастырылған?

Рана Қабылай: – Башылықпен қарым-қатынасымыз өте жақсы. Шынында, Жетісу университеті біздің басты демеушіміз ретінде барлық бастамаларымызды қолдап келеді. Өрбір жобамызға қажетті ресурстарды ұсыну, кеңес беру және қаржылық көмек көрсету жағынан үлкен қолдау көрсетеді. Команда ретінде білім ордасына алғысымыз шексіз.

ЖОО-дан бөлек біз өткен жылғы чемпион Enactus Buketov командасымен тығыз байланыстамыз. Әсіресе әлем кубогына дайындық барысында олар өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, кеңестерін айтады.

– Биыл Ұлттық кубокта чемпион атандыңыздар. Байқауда жеңімпаз атануға толық сенімді болдыңыздар ма?

Анель Түстүкбай: – Чемпионатқа дейінгі дайындық біз үшін өте күрделі сәт болды. Бұл біздің Ұлттық кубокқа екінші мәртеге қатысуымыз еді. Сондықтан бізде тәжірибе де, амбиция да арта түсті. Enactus Kazakhstan National Expo 2024-те генетикамен тікелей байланысты жобаны ұсындық.

Идея 2017 жылы туындап, капитанымыз Асқар Рахым

2021 жылға дейін бұл жобаны зерттеп, егжей-тегжейлі қарастыра басталды. 2022 жылы Жетісу университетіне түскен соң, ол Enactus командасын құрып, жобаны одан әрі жетілдірді. Ал негізгі қиындықтардың бірі – бұдандастыру жұмыстарының күрделілігі болды.

Жеңіске деген сенімдіміз өткен жылғы Ұлттық кубок кезінде ерекше күшейді. Әуелде өзімізді басқа командалармен салыстырып, бәсекеге дайын еместей көріндік. Себебі басқа командалардың бірнеше жылдық тәжірибесі бар еді. Бірақ квалификациялық іріктеуден өтіп, Әлем кубогы лигасына ілінген сәтте біз мүмкіндіктерімізді сезіне бастадық. Осыдан кейін жеңіске қол жеткізу үшін бар күшімізді салып, тынымсыз жұмыс істедік.

– Ұлттық чемпионатта қай команданы басты қарсылас деп есептейсіздер?

Әйгерім Әбу: – Біз әр команданы ерекше және дара бәсекелес ретінде қабылдадық. Әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсті. Сол себепті біз қарсыластарымызды жеңуге тырысудан гөрі, олардан үйренуге және үлгі алуға тырыстық. Бұл біз үшін бәсекелестік емес, даму, жетістікке бірге ұмтылу жолы болды.

– Сұқбат ұйымдастыруға арқау болған әлем кубогы туралы сөз қозғауға да кезек келді. World Cup-қа дайындық қалай жүріп жатыр?

Кәусар Сағдолла: – Биылғы Әлем чемпионатына дайындықты біз жаз мезгілінде бастадық. Команда мүшелерін Қазақстанның әр аймағынан жинау қиын болды. Өйткені жазғы демалыста болдық. Дегенмен ортақ мақсат үшін әріптестеріміз демалысын құрбан етіп, дайындыққа қатысты. Келе алмағандар онлайн түрде жұмыс істеп, өз үлестерін қосты. Жазда команда Алматыда екі апта, ал Әскеменде бір апта дайындықтан өтті. Қыркүйек айында сабақтардың басталуы да белгілі бір кедергі болды. Әлем чемпионатына дайындық онай жұмыс емес, бірақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, біз командалық рухпен осы қиындықтарды еңсеріп, Қазақстанның абыройын қорғауға бар күшімізді саламыз.

Асқар Рахым: – Әлем кубогында «Sweet Rainbow» жобасын қорғаймыз. Бұл жоба – ауыл шаруашылығы мен экология саласына арналған ерекше бастама. Оның басты мақсаты – Қазақстан климатына бейімделген жүгерінің жана сұрпын шығару. Ол елдегі жер деградациясы, биоаулантүрлік және жұмыссыздық мәселелерін шешуге бағытталған. Сонымен қатар құс шаруашылығы саласында да «Қазуакана» атты алғашқы отандық тауық қолтұқымын шығарып, ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосудамыз. Оның ауруға төзімді, өнімділігі жоғары тұқым бастаушы гибридері бар. «Sweet Rainbow» жобасының өнімінде де тағамдық құндылық пен құнарлық өте жоғары.

Нұрсауле Кенесбай: – Әлем кубогына дайындық кезінде біздің әр күніміз жоспарлы түрде өтеді. Танертен ерте тұрып, таңғы астан кейін жұмыстарды талқылап, оларды бөлімдерге бөлеміз. Түске дейін дайындық толық қарқынмен жүреді. Ал түстен кейін демалуға уақыт беріледі. Кешке қарай біз мотивациялық жұмыстарға көңіл бөліп, brainstorming арқылы күнді аяқтаймыз. Бұл бізге алдағы күнге нақты жоспар жасауға мүмкіндік береді.

– Басқа командаларды зерттейсіздер ме? Қай елдің командасын басты назарға алдыңыздар?

Әйгерім Әбу: – Иә, біз әлем кубогына дайындық барысында қарсылас командаларды мұқият зерттедік. Кейінгі үш жылдағы әлем финалистерін қарап, тиімді талдау жасадық. Египет, Тунис, Марокко және Германия командаларының жұмыстарына назар аудардық.

– Жұырда әлемнің 33 мемлекетінен келген мыңдаған делегация Астана төрінде бас қосады. Жарыс алаңының несі – сіздер. Ал әлем кубогының Қазақстанда өтетіні сіздерге қалай әсер етті?

Рана Қабылай: – Enactus әлем кубогының Қазақстанда өтуі біз үшін үлкен мәртебе. Елорда төрінде әлемнің үздік командаларын қарсы алу бізге рух беріп, өз жерімізде жеңіске жетуге деген ұмтылысымызды арттыра түсті. Осындай деңгейдегі жарыстың өз елімізде өтуі бізді ерекше жігерлендіреді.

Ал жарыс аяқталғаннан кейін іріктеу өткізіп, команда құрамын жанарту жоспарда бар. Себебі университетімізде бізге қосылғысы келетін дарынды студенттер өте көп.

– Команданың ішінде өзара түсініспеушілік болған жағдайда, сіз қаншалықты әділ шешім қабылдай аласыз?

Рана Қабылай: – Біз Enactus-ты алдымен жұмыс деп санаймыз. Өрине әр студент жұмыс пен жеке қарым-қатынасты араластырамауға тырысады. Түсініспеушіліктер болған жағдайда өзара шешім шығарып, команданың жұмысына теріс әсер етпеуін қадағалаймыз.

– Сұқбатты «Егер» сұрақтарымен қорытындыласақ. Егер сіздердің жобаларыңызға шексіз қаржы берілсе, қандай өзгеріс жасар едіңіздер?

Әнел Түстүкбай: – Расымен қызық сұрақ екен. Бір жағынан жеңіл әрі ойлануға тұрарлық сауал. Егер шексіз қаржы бөлінсе жобамыздың ауқымы мен жұмыс істейтін команданың мүмкіндіктерін жедел түрде кеңейтуге дайынбыз. Біріншіден, жана инновациялық технологияларды енгізуді қолға алып, жастар мен әйелдер үшін жана жұмыс орындарын ашқымыз келді. Ең бастысы Қазақстанның әрбір қаласында жобаны дамытатын едік.

– Ал әлемдегі кез келген кәсіпкермен бірге жұмыс істеу мүмкіндігі берілсе, кімді таңдар едіңіздер?

Маржан Мулқибая: – Егер әлемдегі кез келген кәсіпкермен бірлессе жұмыс істеу мүмкіндігі берілсе, біз Марғұлан Сейсембайды таңдаймыз. Оның креатив идеялары мен кәсіпкерлік тәжірибесі, сондай-ақ қоғамға пайда әкелуге бағытталған жобалары бізді инталандырады. Бірлессе жұмыс істей отырып, жана тәсілдерді үйреніп, бизнес әлемінде тың жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болар едік.

– Командалық сұқбатқа рақмет! Алдағы әлем кубогында еліміздің көк туын желбірету бұйырсын!

Әңгімелескен Инжу МАРЖАН

АБАТТЫҢ КЕЛЕШЕГІ АЛАНДАТЫП ТҰР



Қазақтың Абаты қазір Түркияның «Адана Демирспор» командасында доп теуіп жүр. Қазақстан ұлттық құрамасы мен астаналық «Астана» сапында ерекше көзге түскен шабуылшы өткен жылы түрік ағайындардың клубымен келісім шартқа отырған.

Қазіргі Абат Айымбетовтың командадағы ойыны маз емес. Өйткені кейінгі бірнеше ойында қазақ футболшысын жасыл алаңнан көре алмай келеміз. Оның агенті саналатын румыниялық маман Траян Гергишан мұның себебін түсіндіріп берді.

Айтуынша, Абат аяғынан жарақат алып, қазір емделу процесінен өтіп жатыр. Клуб

бапкері мен басшылары оның қалыпқа келуін жылдамдатпай, саты-сатымен өтуін мақұл көріпті. Яғни, «Бас бапкер ойыншыға үлкен үміт артып отыр» дейді агент.

Абат Айымбетовтың түркиялық клубқа ауысуына Траян Гергишан себепкер болған. Биылғы маусымда қазақ аяқдопшысы «Адана Демирспор» сапында нәбәрі үш ойын өткізіп, бірде-бір гол соға алмады. Клуб небәрі 1 ұпаймен турнир кестесінің ең соңғы сатысында келеді.

Жат елдің жасыл алаңында доп теуіп жүрген қандастардың саны саусақпен санарлық. Сондықтан әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылған олардың үздік нәтиже көрсеткені біз үшін де үлкен қуаныш.

ЕРАСЫЛ ЕРЛІК ТАНЫТТЫ



Жуырда Испанияның Леон қаласында ауыр атлетикадан жастар арасында Әлем біріншілігі өтті.

Байрақты бәсекеде жерлесіміз Ерасыл Сәулетбеков қола жүлдегер атанды.

81 келі салмақ дәрежесінде қос сайыс бойынша 344 келіні еңсерген ол жүлқа көтеруден 154, серпе

көтеруден 190 келіні бастан асырды. Сондай-ақ серпе көтеруде кіші медаль жеңіп алды. Бапкері – Айдар Ералиев.

– Мұнымен тоқтап қалмаймын. Әлі талай әлемдік ареналарда топ жарып, көк туымызды көкте желбіретемін, – дейді спортшы.

Айта кетейік, бұған дейін Ерасыл 17 жасқа дейін спортшылар арасында екі дүркін әлем чемпионы атанған.



ФУТЗАЛДА ТОП ЖАРАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Жуырда ғана Өзбекстан елінде туы көтерілген фотзалдан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы бүгінге дейін үздік нәтижелер көрсетіп келеді. Топтық ойында Испания құрамасымен тең ойнап, Ливияны 4-1 есебімен сан соқтырып, Жаңа Зеландия қақпасына қайтарымсыз 10 гол салды. Осылайша Кака шәкірттері топта 7 ұпай жинап, плей-офф кезеңіне екінші орынмен шықты.

Ендігі қарсылас – алпауыт Португалия құрамасы. Осыдан 3 жыл бұрын әлем чем-

пионы атанған құрама қазір де осал емес. Олар өз топтарында Панама, Тәжікстан пен Мароккодан айналып асырып, көш бастаған болатын. Енді біздің елдің жігіттерімен иық тірескелі отыр.

Маңызды кездесу 26-шы қыркүйек күні сағат 20:00-де басталады. Бұл олардың әлем чемпионатындағы үшінші рет жолығуы. 2015 жылы Еуропа біріншілігінің іріктеу кезеңі аясында Қазақстан Португалияны 3-1 есебімен жеңсе, 2021 жылы әлем кубогінің жартылай финалында тең ойнап, пенальти сериясында біздің спортшылар есе жіберген еді.



АЛАДОП БӘСЕКЕСІ АУҚЫМЫН КЕҢЕЙТТІ



Футбол сүйер көрермен жыл сайын асыға күтетін доп додасының бірі – Еуропа Чемпиондар лигасы. Әр елдің үздік клубтары текетіресетін жарыстың қызығы сол, тамашалайтын жұрт ойын өтетін уақытқа қарамастан көк жәшікке телміруге дайын. Аталған доданың биылғы форматы өзгерді. Бұл жөнінде әлі түсінбей жүрген жанкүйерлер бар. Ендеше, UEFA өкілдері түсіндірген жаңа талаптарды қалың оқырманға ұсынамыз.

Чемпиондар лигасының 2024/2025 жылғы маусымы ерекше болғалы тұр. Неге десеніз, енді командалар бұрынғыдай топқа бөлініп ойнамайды.

Бұған дейін аталған турнирге 32 команда қатысып келген болса, биылдан бастап олардың саны 36-ға өсті. Сондай-ақ командалар енді 8 топқа бөлінбейді, бәріне ортақ бір кесте болады. Ал әрбір құрама 8 кездесу өткізеді. Яғни, төрт кездесу өз алаңында өтсе, қалғаны сырт алаңда.

Бұдан бөлек, плей-офф кезеңіне 16 емес, 24 клуб шығады. Олардың үздік сегізі тікелей 1/8 финалға жолдама алса, қалған 9-24 орындардағы командалар өзара екі матч ойнайды. Жеңімпазы келесі айналымға жолдаманы еншілейді. Ал 25-36 орындардағы клубтар үшін жарыс жорығы сол жерден тәмамдалады.

«АЛТЫН ДОП» ИЕГЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



«Алтын доп» – үздік футболшыларға берілетін құнды сыйлық. Ал оны алу талай аяқдопшының арманы. Жыл бойы жасыл алаңда тер төгетін олардың ерекше нәтижелеріне қарай берілетін сыйлық 28 қазан күні табысталады.

Биылғы жылдың үздігі ретінде «Реал Мадрид» клубы мен Бразилия құрамасының шабуылшысы Винисиус Жуниор «Алтын доп» иесі атанады деп күтілуде. Бұл жөнінде әлемнің спорт басылымдары жарыса жазуды бастап та кетті.

Былтырғы маусым қорытындысы бойынша Жуниор «Реал» сапында Испания чемпионатында жеңіске жетіп, ел Суперкубогында үздік атанып, Чемпиондар лигасында топ жарып, UEFA суперкубогының иесі атанды.

24 жастағы шабуылшы 2023-2024 маусымда Реал Мадрид клубында барлық турнирлерде 39 ойынға қатысып, 24 рет қақпасыны қапы қалдырып, 11 нәтижелі пастың авторы атанды.

Айта кетейік, «Transfermarkt» ойыншының нарықтағы құнын 180 миллион еуроға бағалаған. Ал «Реал Мадридпен» келісім шарты 2027 жылғы 30 маусымға дейін есептелген.



Бетті әзірлеген
Нұр БАҚЫТ

